

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды жүз пайызға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтерін, сондай-ақ жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 108/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 сәуірде № 3771 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы N 44/2 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 22.02.2016 N 44/2 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Преамбулаға өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 10.04.2015 N 101/4 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мыналар:

жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды жүз пайызға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтері 1-қосымшаға сәйкес;

жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптар 2-қосымшаға сәйкес бекітілісін.

Облыс ауыл шаруашылығы басқармасы:

заңнамамен белгіленген тәртіпте осы қаулының ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К.

Әшімбетовке жүктелсін.

Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрі

2014 жылғы "18" сәуір

Д. Тұрғанов

А. Мамытбеков

Павлодар облысы әкімдігінің

2014 жылғы "18" сәуірдегі

№ 108/4 қаулысына

1-қосымша

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды жүз пайызға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтері

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативі, теңге
Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды жүз пайызға дейін өтеу	бас	3 000

Павлодар облысы әкімдігінің

2014 жылғы "18" сәуірдегі

№ 108/4 қаулысына

2-қосымша

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге қойылатын өлшемдер мен талаптар

Р/с №	Өлшемдер мен талаптар
1.	Ірі қара малды қолдан ұрықтандыруда жұмыс тәжірибесінің, жұмыс мерзімін мал асылдандыру инспекциясы саласындағы уәкілетті органнан тізімі бойынша растауымен бар болуы
2.	Жеке меншігінде немесе ұзақ мерзімді жалдауда сұйық азотты тасымалдайтын ЦТК түріндегі арнайы ыдыспен жабдықталған автокөліктің болуы
3.	Жеке меншігінде тұқымды бұқалардың ұрығын сақтайтын СДС 35 түріндегі арнайы ыдыстың болуы
4.	Штатында сәйкес мамандықтар бойынша қызметкерлердің болуы